

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздердегі өзара іс-қимыл туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 219 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздердегі өзара іс-қимыл туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Ғалым Избасарұлы Оразбақовқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздердегі өзара іс-қимыл туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.29. N 66 қаулысымен

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздердегі өзара іс-қимыл туралы

ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі, екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға және одан әрі кеңейтуге ұ м т ы л а отырып,

бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Украина Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіру жөніндегі келіссөздер процесінде тұрғандығын ескере отырып, сондай-ақ осы мәселеде өзара жәрдем көрсету мақсатында,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Тараптардың біреуі ДСҰ-ға екіншісінен бұрын кірген жағдайда, кірген Тарап екінші Тараптың ДСҰ-ға тезірек кіруіне жәрдемдесетін болады.

2-бап

Кірген Тарап екінші Тарапқа екі жақты келіссөздер форматында тауарлар мен қызметтер рыногына қол жеткізу бойынша сұрау салмайтын болады және екінші Тараптың ДСҰ-ға кіруі жөніндегі көп жақты келіссөздер шеңберінде жәрдем көрсететін болады.

3-бап

Тараптар осы Хаттаманың ережелерін іске асыруға жәрдем көрсететін болып у а ғ д а л а с т ы .

Осы Хаттама Тараптар оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы жазбаша хабарламаны соңғысы алған күннен бастап күшіне енеді.

2006 жылғы _____ қаласында әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Украина Министрлер
Кабинеті үшін*